

Мезгілдерім тамаша!

Ақ көйлегін киіп ап, таңданады,
Ақ ұлпамен айнала нұр шашады.
Қыс мезгілі суық та, қатал да боп,
Жылы да боп, көңілге бал жағады.

Уілдеген даусымен жел назданады,
Аққа толып айнала жанданады.
Қыстың да кереметі осы емес пе?
Мына өмірге ақ шуақ таратады.

Қар да еріп, жадырап тұр бұл маңай,
Жанарыңды жайнатады, таңдары-ай!
Бәйшешек те, түрлі-түсті гүлдер де бар,
Көктем деген, міне осы арман-ай!

Аспанда тұр жарқырап нұрлы бұл күн,
Көргің келіп, көктемнің бір түкпірін.
Құстар сайрап, аспанда күн ойнаған,
Сылдырлап, өзен көлден шыққан бір үн.

Күн ысып, жаз болып, құс келіп, қаз қонды,
Балалар серуендеп, доп ойнап мәз болды.
Жап-жасыл айнала, қарасаң көзің тоймайды,
Күтемін күн шыққан қызарып әр таңды.

Ауылдың шулары, жүгірген балалар,
Ойынды қуалап, көңілі бір толар.
Жылылық сыйлайтын әрқашан жаныма,
Тәңірдің сыйлаған біздерге сыйы болар.

Жапырақ сарғайып келді міне -алтын күз,
Шаруалар жүр жинап, егінін тоқтаусыз.
Жел соғады беткейден, суықтап барады.
Сары алтындай сары күз, бірге шырқар әніміз.

Осындай бар бізде төрт мезгіл тамаша,
Бәрі де әдемі мән беріп қараса.
Төрт мезгіл төрт бірдей үлкен бір қуаныш.
Төртеуі болады көңілге жұбаныш.